

Шектеу іс-шараларын алу және Ақтөбе қаласының Сазды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Сазды ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 5665 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық инспекторының 2017 жылғы 29 тамыздағы № 5-2/486 ұсынысы негізінде, Ақтөбе қаласының Сазды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының Сазды ауылдық округінің Сазды ауылы аумағында ірі мүйізді қара малы арасында бруцеллез ауруын жою бойынша ветеринариялық сауықтыру іс-шаралар кешені жүргізілгендігіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Ақтөбе қаласының Сазды ауылдық округі әкімінің 2016 жылдың 26 қыркүйектегі № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5090 болып тіркелген, 2016 жылдың 7 және 8 қазанында "Ақтөбе" және Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының
Сазды ауылдық округінің әкімі

А.Муханбетов